



**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 6 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2006 жылғы 15 наурыз**

Ресми қайта қаржыландыру ставкасы туралы

Инфляция деңгейінің артуын ескере отырып және «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы 2006 жылғы 1 сәуірден бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру ставкасын **жылдық 8,5%** деңгейінде белгілеуге қаулы шығарды. Ресми қайта қаржыландыру ставкасының алдыңғы мәні жылдық 8,0% болды.

2006 жылғы ақпан айында инфляцияның жылдық деңгейі 8,7% дейін көтерілді, бұл 2001 жылғы маусымнан бастап жылдық инфляцияның ең жоғары деңгейі болып табылады.

Ағымдағы жылдың кейінгі айларында елге шетел валютасының ағыны, жиынтық сұраныстың кеңеюі, экономиканы кредиттеудің өсуі сияқты факторлардың әсер етуі нәтижесінде экономикаға инфляциялық қысымның сақталуы күтілуде. Осы жағдайларда Ұлттық Банк ресми қайта қаржыландыру ставкасын жылдық 8,5% дейін көтеруге шешім қабылдады.

Ұлттық Банктің ақша нарығындағы операцияларының көлемін арттыру туралы

Ағымдағы жылдың басынан бастап шетел валютасы ұсынысының өсуіне орай Ұлттық Банк ішкі валюта нарығына белсенді қатысуда. Осыған байланысты Ұлттық Банк сондай-ақ ақша нарығындағы операцияларды, оның ішінде қысқа мерзімді ноталарды шығару операцияларын ұлғайтады.